



Инфляциялық күтулер

Шілде 2023


- Күтілетін инфляцияның орташа бағасы аздап төмендеді
- Тұтынушылардың көңіл-күйі ағымдағы жағдай бойынша бағалауды жоғарылату арқылы да, күту бойынша бағалауды жақсарту арқылы да жақсарды
- ТКШ қызметтерін ұсынатын кәсіпорындарды қоспағанда, нақты сектор кәсіпорындары өз өнімдеріне/қызметтеріне бағаның өсу қарқынының баяулауын күтеді

Инфляциялық күтулер

Бағалардың жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы шілдеде 20% дейін жоғарлады (2023 жылғы маусымда – 17%).

Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы¹ 16,9% (17,2%) дейін, қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы 18,6% (18,8%) дейін төмендеді (1-график).

1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

2023 жылғы шілдеде азық-түлік тауарларына бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі төмендеуді жалғастырды (маусымдағы 74%-дан 66%-ға дейін, бұл 2016 жылдан бастап ең төмен көрсеткіш). Бұл ретте азық-түлік емес тауарларға (16%) және ақылы қызметтерге (8%) бағаның өсуін атап өткендердің үлесі біршама өсті.


Тамақ өнімдерінің ішінде респонденттер сүт, ет, жеміс-көкөніс өнімдерін, нан-тоқаш өнімдерін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттер ТКШ, тұрмыстық химия, ЖЖМ, сондай-ақ жолаушылар көлігі қызметтерінің қымбаттағанын байқады (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

Азық-түлік тауарлары



Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


Тұтынушылардың көңіл-күйі

Тұтынушылардың көңіл-күйі ағымдағы жағдай бойынша және күту бойынша арқылы да бағалаулардың жоғарлау арқылы да жақсарды.


2023 жылғы шілдеде тұтынушылық көңіл-күй индексі 106,1 дейін көтерілді (2023 жылғы маусымда – 103,2) (3,4,5 графиктер).

Атап айтқанда, елдің даму перспективалары бойынша бағалау таяу жылы (9 пунктке) және 5 жылдан кейін (0,8 пунктке) айтарлықтай өсті, бұл ретте жеке материалдық жағдайдың бағалауы бір жылдан кейін (3,3 пунктке) төмендеді. Ағымдағы жағдайды бағалауда өткен жылдағы жеке материалдық жағдайдың бағасы (4,1 пунктке) және ірі сатып алуларға дайындық (4 пунктке) артты.


3-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



4-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



5-график. Күтулер бағалаулары



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

2022 жылдың басынан бастап несиелері бар респонденттердің үлесі біртіндеп төмендеп келеді (2022 жылғы сәуірдегі 53% 2023 жылғы шілдедегі 43% дейін).


2023 жылдың шілдесінде респонденттердің 13% банктік несие алуды жоспарлап отырғанын атап өтті (2023 жылдың сәуірінде 11%, 2022 жылдың шілдесінде 16%).

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шұғыл қажеттіліктерге кредиті (16%-дан 14%-ға дейін), тұтынушылық кредиттері (28%-дан 25%-ға дейін), автокредиті (4,1%-дан 2,9%-ға дейін) бар респонденттердің үлесі азайды. Микрокредиттік ұйымда ипотекасы, қарызы бар сауалнамаға қатысқандардың үлесі аздап өсті.

Жалпы кәсіпорындардың баға күтулері баяулауды жалғастыруда, бірақ ТКШ қызметтерін ұсынатын салаларда бағалардың жеделдеуі күтілуде

2023 жылдың 2-тоқсанында барлық саладағы кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтеріне бағаның өсу қарқынының баяулауы байқалды. Ең үлкен төмендеуді ауыл шаруашылығы кәсіпорындары атап өтті. 2023 жылдың 3-тоқсанында көптеген салалардың кәсіпорындары бағаның өсу қарқынының одан әрі баяулауын күтеді, алайда ТКШ (сүмен жабдықтау, электр энергиясын өндіру) кәсіпорындары, сондай-ақ өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары олардың жеделдеуін күтеді (6-график).

6-график. Кәсіпорындардың дайын өнім бағасының өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс ³




Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімнің бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 84,0% үшін), сұраныс (82,9%) және еңбек шығындары (72,5%) болып табылады.

Кәсіпорындардың бағалауынша, шикізат пен материалдар мен импортталатын өнімдерге бағаның өсуі бәсеңдеді, сондай-ақ орташа жалақы динамикасының баяулауы жалғасты. 2023 жылдың 3-тоқсанында тенденцияның жалғасуы күтілуде, алайда дайын өнімге сұраныстың шамалы өсуі күтілуде (7 график).

7-график. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаны белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк
Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?»

2 Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді

³ Диффузиялық индекс (сі) оң жауаптардың қосындысы және жауаптардың жартысы өзгеріссіз есептеледі. ДИ-қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор. 50 деңгейден жоғары мән өсуді, 50 деңгейден төмен түсуді білдіреді. Сі мәні 50 деңгейден неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, индикатордың өзгеру (жоғарылау немесе төмендеу) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: 3 362 кәсіпорын. Маусымдық тазартылған деректер. Кәсіпорындар сұраққа жауап берді: "Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгереді?"

* 2023 жылдың 3 тоқсанында кәсіпорындардың күтулері келтірілген